

**Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі мен Египет Араб Республикасының Денсаулық сақтау және халық министрлігі арасында Денсаулық сақтау, медицина және фармацевтика өнеркәсібі саласындағы ынтымақтастық жөнінде келісім жасасу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 5 желтоқсан N 1573

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі мен Египет Араб Республикасының Денсаулық сақтау және халық министрлігі арасындағы Денсаулық сақтау, медицина және фармацевтика өнеркәсібі саласындағы ынтымақтастық жөніндегі келісімнің жобасы мақұлдансын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі мен  
Египет Араб Республикасының Денсаулық сақтау және халық  
министрлігі арасындағы Денсаулық сақтау, медицина және  
фармацевтика өнеркәсібі саласындағы ынтымақтастық жөніндегі  
КЕЛІСІМ

Бұдан әрі "Тараптар" деп аталатын Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі мен Египет Араб Республикасының Денсаулық сақтау және халық министрлігі

денсаулық сақтау, медицина және фармацевтика өнеркәсібі саласындағы ынтымақтастықты кеңейтуді қалай отырып, төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Тараптар денсаулық сақтау, медицина және фармацевтика өнеркәсібі

саласындағы ынтымақтастықты теңдік пен өзара тиімділік негізінде дамытатын болады.

## 2-бап

Тараптар мемлекеттерінің денсаулық сақтау ұйымдары, ғылыми-зерттеу және медицина институттары арасында тікелей ынтымақтастық орнауына Тараптар ықпал ететін болады.

## 3-бап

Тараптар денсаулық сақтау мен медицинаның мынадай салаларында ынтымақтастықты дамытатын болады:

- дәстүрлі медицина;
- денсаулық сақтау экономикасы;
- ана мен бала денсаулығын сақтау;
- фармацевтика;
- эпидемиология;
- медицина ғылымы;
- медициналық және ғылыми кадрларды даярлау мен олардың біліктілігін көтеру.

## 4-бап

Тараптар медициналық конференциялар мен көрмелерде індет аурулары туралы ақпараттармен және деректермен алмасатын болады.

## 5-бап

Тараптар арасындағы ынтымақтастық мынадай нысандарда жүретін болады:

- бірлескен ғылыми зерттеулер;
- сарапшылардың және мамандардың сапарларымен алмасу;
- денсаулық сақтау түрлі тақырыптар бойынша ғылыми зерттеулерді, жетістіктерді, кездесулерді, семинарларды және жұмыс топтарын қоса алғанда, медицина саласындағы ақпараттармен алмасу.

## 6-бап

Тараптар науқастарды емделу үшін екінші Тарап мемлекетінің аумағына

Тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңнамасында белгіленген ережелерге сәйкес жолдай алады.

#### 7-бап

Тараптар Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы мен басқа да халықаралық ұйымдар жүргізетін қызмет шеңберінде ынтымақтасуға келіседі.

#### 8-бап

Мамандармен және сарапшылармен өзара алмасу жолдаушы және қабылдаушы ұйымдардың құқықтары, міндеттері әрі жауапкершілігі анықталатын Тараптар мемлекеттерінің мүдделі ұйымдары арасындағы тікелей шарттарға сәйкес жүзеге асырылады.

#### 9-бап

Қабылдаушы Тарап, адамдар қабылдаушы Тарап мемлекетінің аумағында болу кезеңінде кенеттен ауырған немесе жазатайым оқиғаға ұшыраған жағдайда, оларға уақытша келген мемлекеттің заңнамасына сәйкес қажетті медициналық көмек көрсететін болады.

#### 10-бап

Тараптар фармацевтикалық өнім мен оның өндірісін дамыту, вакциналар, серологиялық және биологиялық препараттар сапасын бақылау саласында ынтымақтасуға келіседі.

#### 11-бап

Осы Келісімге Тараптардың өзара келісімі бойынша жеке хаттамалармен ресімделетін әрі осы Келісімнің ажырамас бөліктері болып табылатын өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

#### 12-бап

Осы Келісім Тараптардың оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік

рәсімдерді орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарламасы алынған күннен бастап күшіне енеді.

Осы Келісім бес жыл мерзімге жасалады және егер Тараптардың бірде-бірі кезекті бесжылдық кезең аяқталғанға дейін кемінде алты ай бұрын өзінің оның қолданысын тоқтату ниеті туралы жазбаша хабарлама жолдамаса, келесі бесжылдық кезеңге өздігінен ұзартылады.

\_\_\_\_\_ 200\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_ әрқайсысы екі түпнұсқа данада қазақ, араб, орыс және ағылшын тілдерінде жасалды әрі барлық мәтіннің бірдей күші бар. Осы Келісім ережелерін түсінуде келіспеушілік туындаған жағдайда, Тараптар ағылшын тіліндегі мәтінді басшылыққа алатын болады.

Қазақстан Республикасының  
Денсаулық сақтау  
министрлігі үшін

Египет Араб Республикасының  
Денсаулық сақтау және  
халық министрлігі үшін

Мамандар:

Багарова Ж.А.,  
Жуманазарова А.Б.